

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ  
«Аққайың ауданының білім бөлімі» КММ «Куйбышев бастауыш мектебі» КММ

**«КУЙБЫШЕВ БАСТАУЫШ МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ**

2023-2024 оқу жылы

## **БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ**

Заңды тұлғаның толық атауы: «Солтүстік Қазақстан облысы, Аққайың ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Куйбышев бастауыш мектебі»

Ашылған жылы: 1982

Меншік түрі: коммуналдық мемлекеттік мекеме

Құрылтайшы: «Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Құрылымдық бөлімше: 10 орынға арналған толық күнді емес шағын орталық. Ашылған жылы: 2010

Заңды мекен- жайы: Қазақстан Республикасы, Солтүстік облысы, Аққайың ауданы, Кенжеғалы ауылы, байланыс телефоны: (8-715-32-5-13-07)

Мектеп бір қабатты арнайы салынбаған типті емес, ғимаратта орналасқан, жылу жүйесі автономдық, суық, ыстық сумен, жарықпен, ғимарат ішінде жылы дәретханамен қамтамасыз етілген. Ғимараттың жалпы көлемі – 223, 4 м<sup>2</sup>, негізгі көлемі- 167,8 м<sup>2</sup>, жер учаскесінің көлемі- 0,2775 га. Мектептің аумағы қоршалған. Мектеп аумағында балаларға арналған ойын алаңы бар. Жоба көлемі: 45 орын.

Жалпы көлемі- 223,4 м<sup>2</sup>

Негізгі көлемі- 167,8 м<sup>2</sup>

Жобалық көлемі: 45 орын

Бөлмелер саны: 15 бөлме

Оқу кабинеттері- 3;

Кітапхана-1 (оқу залынсыз)

Асхана-1

Мұғалімдерге арналған бөлме-1

Мектепке дейінге шағын орталық бөлмесі- 1;

Куйбышев бастауыш мектебінің күн тәртібі: жалпы білім беретін

бес күндік бір ауысымдық-1, 3 сыныптар үшін;

Бескүндік бір ауысымдық шағын орталық тобы үшін;

Сабақтың басталуы:

Бірінші ауысым-09.00- 14.10

1 сынып үшін- 09.00- 12.20

Толық күнді емес шағын орталық үшін- 09.00-12.00

Сабақтың ұзақтығы:

1 – сынып үшін 35 минуттан

3- сынып үшін- 45 минуттан

Қоңырау ұзақтығы- 5,10 минут

Оқыту формасы 1, 3 сыныптар жаңа оқыту бағдарламасы бойынша

Оқыту тілі- қазақша;

Мектепте: жалпымектептік ата- аналар комитеті жұмыс жасайды.

10 орны бар мектеп асханасында оқушылар ЖК « Кابدусева» көмегімен ыстық тамақпен қамтамасыз етілген.

2022 жылы 13 қаңтарда мектеп меңгерушісі болып **Абылкасова Анаргүл Мұхаметкалиқызы тағайындалды.**

Жалпы пед өтілі 9 жыл. Осыған дейін мектепке дейінгі оқыту және тәрбие беру ұйымында жұмыс атқарған, оған қоса өнер мектебінде тәрбие ісі жөнінде мектеп директорының орынбасары болып жұмыс атқарды. Білімі жоғары. 2022 жылы Манаш Қозыбаев атындағы СҚУ –де Жоғары білім алды. 2022 жылы Көкшетау қаласындағы Абай Мырзахмет атындағы магистратурада білім алып жатыр.

## **МЕКТЕПТІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Әр оқу жылы басында педагогикалық кеңес отырысында жылдық жұмыс жоспары қарастырылап бекітіледі. Әр 4 тоқсанға өзінің бекітілген жұмыстары, оған жауапты мұғалімдер тізімі, белгілі бір мерзімдері бар. Мектепшілік бақылауға мектептің барлық мұғалімдері міндетті түрде белсенді қатысады. Мектепшілік бақылауда оқушылардың жыл басындағы білімдері тексеріледі, оқушылардың іс-қағаздары тексеріліп, жинақталады. Күнделік электронды журналын жас мамандарға толтыру тәртібін үйрету, бағдарламаның оқу жылына берілген жоспарын орындау, кестені бекіту, қосымша сабақтардың жоспарын жүзеге асырылуын қадағалайды.

Мектепшілік бақылауда 1-сынып оқушыларының оқудың алғашқы күндеріндегі мектепке бейімделу жағдайын қадағалау қарастырылады. Бастауыш сынып мұғалімдері мен ағылшын тілі мұғалімі сабақ кезеңдерін сапалы өткізуді қадағаланады. Сондай ақ, мектеп меңгерушісі жыл бойы мұғалімдердің сабақтарына қатысып, қадағалайды, мұғалімдер өзара тәжірибесімен алмасады.

### **ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ**

Тәрбие жұмысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа алу керек.

Куйбышев бастауыш мектебі тәрбие жұмысын жүргізуде мынадай нормативті құжаттарға сүйенеді: Қазақстан Республикасының Конституциясы; Бала құқығының Конвенциясы; Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «бала құқығы туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Азаматтардың денсаулығын сақтау» Заңы, Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Жасөспірім және балалардың бұзақылығын алдын алуы туралы Заңы.

Тәрбие барысында мектептегі бекітілген нормативтік құжаттардың ережелері мен міндеттері: «Мектеп Жарғысы», «Ата-аналар комитетінің жұмыс жоспары», «Оқушылардың сырт бейнесі мен мектеп формасы», «сынып жетекшілердің жұмыс жоспары», «Күндізгі мектеп жанындағы сауықтыру лагерінің жұмыс жоспары», «Мектепшілік бақылау жоспары».

Мектептің тәрбие жұмысы сынып жетекшілердің жұмыс жоспары бойынша жүзеге асады.

Жалпы мектепшілік тәрбие жоспары 8 бағыт бойынша құрылған:

1. Азаматтық- патриоттық, құқықтық тәрбие гуманизмге, қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға, Қазақстанның басқа халықтарының мәдениетін зерттеу және игеруге негізделген азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, құқықтық қалыптасқан ұлттық өзіндік сананы, ұлтаралық мәдени қарым- қатынасты, әлеуметтік тәрбиеленушілердің құқықтық санасын, олардың балалар мен жастар ортасында құқық бұзушыларға қарсы тұруға дайындығын қалыптастыру аса маңызды мәселе.

2. Рухани- адамгершілік тәрбие өзіндік сананы дамытуға, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістіретін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды.

3. Ұлттық тәрбие. Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

4. Отбасы тәрбиесі адамдар арасындағы оңтайлы және эмоционалды көңіл- күй қарым қатынасы арқылы адамгершілік, рухани және гуманитарлық құндылықтарға басымдық беруде әлеуметтік тарихи тәжірбиені таратудың анықтаушы құрамдас бөлігі болып саналады. Қазақстандық қоғамның жалпы сұрасныс және халық дәстүрлері әлемдік және ұлттық мәдениет негізінде құрылған балалар мен жастарды жалпы азаматтық және ұлттық құндылықтарға бағдарлау бірінші қатарға қойылды.

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. Тұлғаның өзінің кәсіби анықтауына саналы қарым- қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

6. Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие. Тұлғаның жалпы мәдени мінез құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дағдыларын сондай ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты. Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Мектептің тәрбие жұмысының мақсаты: Жаңа қоғамға лайықты дарынды да қабілетті, өз халықтың мүддесін ойлайтын адам тәрбиелеу . Ең ізгі сүйіспеншілік тектілік ұлтжандылық қасиеттерді бала бойына енгізе білу. Әлемдік ұлттық өнерді бағалау, құрметтеу қорғау арқылы эстетикалық талғамын

қалыптастыру. Әлемдік, әсемдік шығармашылық дағдыларын дамыту, мәдениеттілігін арттыру. Оқушылардың білімге деген ғылыми көзқарасын қалыптастыру, сол арқылы ел тарихын біліп, табиғатқа қамқор бола білуге деген құштарлығын ояту.

Тәрбие жұмысының негізгі міндеттері:

- Әр баланың жеке ерекшеліктерін сақтай отырып, тәрбиелік дамытушылық маңызы бар әрекетті ұйымдастыру.
- Әр баланы қорғау, көмек көрсету, оның дамуын, дара қасиеттерін дамыту қажет.
- Жақсылық пен жамандық белгілерін ажырата білуге, адамгершілік тұрғыдан шешім қабылдауға үйрету.
- Әр баланың ерекшеліктері мен құқықтарын сақтап, әркімнің өзінің «менін» қалыптастыру.

### **МЕКТЕПШІЛІК ЖЕТІСТІКТЕР**

- 2019 жылы Сағнай Нұрдәулет «Үркер» интеллектуалды марафонына қатысқаны үшін сертификат- жетекшісі Казбекова Б.Е.
- 2019 жылы Абдраш Дана «Үркер» интеллектуалды марафонына қатысқаны үшін сертификат- жетекшісі Ибраева Ж. К.
- 2019 жылы Айдарбек Нұрмахан «Адам және табиғат» халықаралық ойын –конкурсына қатысқаны үшін сертификат- жетекшісі Ибраева Ж.К.
- 2020 жылы Курманғалиева Ирада «Ақбота» интеллектуалдық марафонында III орын алғаны үшін дипломмен марапатталды- Жетекшісі Казбекова Б. Е.
- 2020 жылы Сағнай Нұрдәулет «British Bulldog» халықаралық байқауға қатысқаны үшін III орын дипломы- Жетекшісі Мағзумова А.Е.
- 2020 жылы Курманғалиева Ирада «British Bulldog» халықаралық байқауға қатысқаны үшін III орын дипломы- Жетекшісі Мағзумова А.Е.
- 2019 жылы Бейсембек Аяжан «British Bulldog» халықаралық байқауға қатысқаны үшін III орын дипломы- Жетекшісі Мағзумова А.Е.
- 2019 жылы Бейсембек Саяжан «Русский медвежонок» халықаралық байқауда II орын алғаны үшін Дипломмен марапатталды. – Жетекшісі Казбекова Б. Е.

- 2021 жылы Еслям Елдар «Русский медвежонок» халықаралық байқауда ІІ орын алғаны үшін Дипломмен марапатталды- Жетекшісі Аتكенова А.Ш.
- 2019 жылы Жумабаева Айнур 2019 жылы «British Bulldog» халықаралық байқауға қатысқаны үшін ІІ орын дипломы- Жетекшісі Магзумова А.Е.
- 2020 жылы Курманғалиева Ирада «Мұрагер» интеллектуалдық порталда «Ғажайып қыс мезгілі» онлайн байқауға қатысып, І орын Диплом жетекшісі Бектемирова Ж. .
- 2020 жылы Абдраш Дана «Мұрагер» интеллектуалдық порталда «Ғажайып қыс мезгілі» онлайн байқауға қатысып, І орын Диплом жетекшісі Бектемирова Ж. М.
- 2020 жылы Айдарбек Нұрмахан «Мұрагер» интеллектуалдық порталда «Ғажайып қыс мезгілі» онлайн байқауға қатысып, ІІ орын Диплом жетекшісі Бектемирова Ж. М.
- 2020 жылы Әдеби Қазақстан порталында онлайн байқауға қатысып, Айдарбек Нұрмахан І дәрежелі дипломмен марапатталды жетекшісі Бектемирова Ж. М.
- 2020 жылы Әдеби Қазақстан порталында онлайн байқауға қатысып, Еслям Елнұр ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды жетекшісі Бектемирова Ж. М.
- 2018 жылы Аудандық білім беру жүйесіндегі көп жылдық еңбегі үшін Жанатаева Ғ.А. грамотамен марапатталды
- 2019 жылы «Жаңартылған білім беру аясында критериалды бағалау жүйесін енгізу» тақырыбы бойынша Магзумова А.Е. аудандық семинарда педагогикалық тәжірбиені ұсынғаны үшін сертификат
- 2019 жылы аудандық білім беру жүйесінде көп жылдық адал жұмыс атқарғаны үшін Абылкасова А. М. Құрмет грамотасымен марапатталды.
- 2020 жылы «Всестороннее развитие и позитивная социализация детей через программу «Рухани Жаңғыру» тақырыбы бойынша Абылкасова А. М. аудандық семинарда педагогикалық тәжірбиені ұсынғаны үшін сертификат
- 2020 жылы «Әр бала бір жұлдыз» облыстық білім беру жобасының мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының «Табысты тәжірибе панорамасында» жұмыс тәжірибесін ұсынғаны үшін Абылкасова А. М. Сертификат
- 2021 жылы «Лучший педагог дошкольной организации» республикалық байқаудың аудандық кезеңіне қатысқаны үшін Абылкасова А. М. Сертификат

- 2021 жылы «Балалар мен ата- аналардың көзіндегі сүйікті тәрбиеші» облыстық байқауға қатысқаны үшін диплом
- 2021 жылы «Кемел» өнер білім орталығымен ұйымдастырған шәкірт дайындағаны үшін Алғыс хат
- 2021 жылы «педагогикалық идеялар фестивалі» республикалық байқаудың облыстық кезеңіне қатысқаны үшін Бектимирова Ж. М. сертификат
- 2021 жылы «Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша тәрбие мен оқыту процесін ұйымдастыру ерекшеліктері» республикалық онлайн семинарға қатысқаны үшін – Бектемирова Ж. М. Сертификат
- 2020 жылы әдеби Қазақстан порталында шәкірттерді дайындағаны үшін Канышева Ж. К. алғыс хат
- 2020 жылы Мұрагер порталында шәкірттерді дайындағаны үшін Канышева Ж. К. алғыс хат

## **ЖОЛДА ЖҮРУ ЕРЕЖЕСІ**

1-4 сыныптарда бекітілген жылдық жоспарларға сәйкес жолда жүру ережесі бекітілген. Жолда жүру ережелері бойынша 1-4 сыныпқа дейін жолда жүру қауіпсіздігі және алғашқы медициналық көмек жөніндегі тақырыптарға қоса алғанда 1 жылда 6 сабақтан жүргізіледі. Журналдарда дәріс тақырыптары жазылған жеке бет толтырылады, сабақта қатысуы белгіленеді. Әр сабақтан соң бақылау сұрақтар, тапсырмалар көмегімен оқушының жол қозғалысы ережелерін қалай меңгергендігін анықтайтын тексеріс жүргізіледі.

## **ФОРМАТИВТІ, СУММАТИВТІ БАҒАЛАУ ТҮРІНДЕГІ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ**

### **БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНІҢ БАСҚАРУЫ МЕН КАДРЛЫҚ ҚҰРАМЫ**

Мектептегі басқару мектеп әкімшілігінің міндеттері мен лауазымдық қызметтері негізінде жүзеге асады. Мектеп меңгерушісі атқарылған істер жөнінде апта сайын өтетін лездемеде есеп береді, жоғары органдарға жедел ақпараттар мен есептер дайындайды, лайықты құжаттаманы жүргізеді. Басқаруға қатысты мәселелер мен сұрақтар мектеп меңгерушісі жанындағы отырыста, педагогикалық кеңестерде, қарастырылады.

2023-2024 оқу жылында төмендегідей басқару аппараты ұсынылды:

Абылкасова А. М. – мектеп меңгерушісі

Толық күнді емес шағын орталық тәрбиешісі – Исенова Ж.А.

Тәрбешінің көмекшісі: Жумабаева Ж. А.

1-сынып мұғалімі: Канышева Ж.К



3-сынып мұғалімі: Абылкасова А. М.

### МЕКТЕП КОНТИНГЕНТІ

Соңғы 3 жылда мектеп контингенті тұрақты

Оқу жылы	1-4 сыныптар
2021-2022	10
2022-2023	7
2023-2024	7

2021-2022 оқу жылында мектептегі 3 сыныпта барлығы 10 оқушы оқыды, орташа толықтығы 4 оқушыдан. Мектепалды даярлық тобы болған жоқ.

2022-2023 оқу жылындағы мектептегі 2 сыныпта барлығы 7 оқушы оқудағы, орташа толықтығы – 4 оқушыдан. Мектепалды даярлық тобында – 2 тәрбиеленуші болды

2023-2024 оқу жылында 2 сыныпта барлығы 7 оқушы оқиды, орташа толықтығы 3 оқушыдан.

Мектептегі ең басты міндеті – әрбір оқушыға сапалы білім беру тәрбие беру.

### БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМДЕРІН БАҒАЛАУ

Мектептегі педагог кадрларының оқушыларға сапалы білім, беру үшін мақсатты жұмыс жасауының нәтижесінде мектеп оқушыларының үлгерім көрсеткіші тұрақты болып қалуда. Бастауыш сынып оқушылары 100 % сапа көрсетті.

Оқушылардың білім сапасы мен үлгерімінің көрсеткіштері

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Үлгерімі%	100	100	
Сапа %	55	80	

2021-2022 оқу жылында – 8оқушы оқу жылын екпінді болып аяқтады. Екінші жылға қалған оқушылар болған жоқ.

Мектеп бойынша білім сапасы 55 % құрады.

2022-2023 оқу жылы - 5 оқушы оқу жылын екпінді болып аяқтады. Сыныбында қалған оқушылар болған жоқ.

Мектеп бойынша білім сапасы 80 % құрады.

2023-2024 оқу жылында 1 сынып оқушылары бағаланбайды, 3 сынып оқушылары 1 жартыжылдықта –

Мектеп бойынша білім сапасы құрады.

Негізгі пәндердің қорытынды нәтижелері  
Қазақ тілі 2021-2022 оқу жылы.

Сыныптар	1	3	4	Барлығы
Оқушы саны	4	4	3	11
«5»				
«4»	3	2	3	8
«3»	1	2		3
«2»				
Үлгерімі %	100	100	100	100
Сапасы %	75	50	100	75

Қазақ тілі 2022-2023 оқу жылы.

Сыныптар	2	4	Барлығы
Оқушы саны	4	4	8
«5»			
«4»	3	3	6
«3»	1	1	2
«2»			
Үлгерімі	100	100	100
Сапасы %	75	75	75

Қазақ тілі 2023-2024 оқу жылы.

Сыныптар	1	3	Барлығы
Оқушы саны	3	4	7
«5»		1	1
«4»		1	1
«3»		2	2
«2»			

Үлгерімі		100	100
Сапасы %		50	50

Әдебиеттік оқу 2021-2022 оқу жылы.

Сыныптар	1	3	4	Барлығы
Оқушы саны	4	4	3	11
«5»				
«4»		3	3	6
«3»		1		1
«2»				
Үлгерімі %	100	100	100	100
Сапасы %		75	100	87,5

Әдебиеттік оқу 2022-2023 оқу жылы.

Сыныптар	2	4	Барлығы
Оқушы саны	4	4	8
«5»			
«4»	3	3	3
«3»	1	1	1
«2»			
Үлгерімі %	100	100	100
Сапасы %	75	75	75

Әдебиеттік оқу 2023-2024 оқу жылы.

Сыныптар	1	3	Барлығы
Оқушы саны	3	4	7
«5»		1	1
«4»		2	2
«3»		1	1
«2»			
Үлгерімі	100	100	

Сапасы %		75	75

Орыс тілі 2021-2022 оқу жылы.

Сыныптар	1	3	4	Барлығы
Оқушы саны	4	4	3	11
«5»				
«4»		3	3	6
«3»		1		1
«2»				
Үлгерімі	100	100	100	100
Сапасы %		75	100	75

Орыс тілі 2022-2023 оқу жылы.

Сыныптар	2	4	Барлығы
Оқушы саны	4	4	8
«5»			
«4»	3	3	6
«3»	1	1	2
«2»			
Үлгерімі	100	100	100
Сапасы %	75	75	75

Орыс тілі 2023-2024 оқу жылы.

Сыныптар	1	3	Барлығы
Оқушы саны	3	4	7
«5»		2	2
«4»		2	2
«3»			

«2»			
Үлгерімі		100	100
Сапасы %		100	100

Математика 2021-2022 оқу жылы.

Сыныптар	1	3	4	Барлығы
Оқушы саны	4	4	3	11
«5»				
«4»		3	3	6
«3»		1		1
«2»				
Үлгерімі	100	100	100	100
Сапасы %		75	100	100

Математика 2022-2023 оқу жылы.

Сыныптар	2	4	Барлығы
Оқушы саны	4	4	8
«5»			
«4»	3	3	6
«3»	1	1	2
«2»			
Үлгерімі	100	100	100
Сапасы %	75	75	75

Математика 2023-2024 оқу жылы.

Сыныптар	1	3	Барлығы
Оқушы саны	3	4	7
«5»		1	1
«4»		2	2
«3»		1	1
«2»			

Үлгерімі	100	100	100
Сапасы %		75	75

**Негізгі пәндер бойынша жылдық нәтиженің салыстырмалы кестесі**

	2021-2022		2022-2023		2023-2024	
	Үлгерім %	Сапа %	Үлгерім %	Сапа %	Үлгерім %	Сапа %
Әдебиеттік оқу	100		100			
Орыс тілі	100		100			
математика	100		100			
Қазақ тілі	100		100			

**4- сыныпта қорытынды аттестаттаудың нәтижесі**

**4-сыныптар**

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Үлгерім %		100	
Сапа %		50	

2021-2022 оқу жылында 4 сынып жоқ.

2022-2023 оқу жылында 4- сыныптың 3 оқушысы бастауыш мектепті бітіру туралы құжатқа ие болды.

2023-2024 оқу жылында

Мектептің 4- сынып бітірген түлектері басқа мектепте білімін жалғастырды.

Оқу орны	2022-2023	
Смирново №3	3	100%

## ОҚУ- ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Мектептегі әдістемелік қызметтің мақсаты- мұғалімдер мен сынып жетекшілеріне оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде, оларды шығармашылық әрекетке баулуда білім беру саласындағы жаңалықтарды, озық педагогикалық тәжірибені зерттеп, жинақтап, таратуда, кәсіби біліктілігі мен теориялық білім деңгейін көтеру ісінде нақты ғылыми- әдістемелік көмек көрсету.

Мектептегі ғылыми- әдістемелік жұмыстардың негізгі міндеттері:

- Мектептің педагогикалық ұжымы іс-әрекетінің жаңашылық бағыттылығын қалыптастыру.
- Мұғалімдердің теориялық және педагогикалық – психологиялық даярлық деңгейін көтеру.
- Оқыту мен тәрбиені ұйымдастырудың жаңа формаларын, әдістерін педагогикалық технологиялармен байыту.
- Мұғалімдерге педагогикалық білімін өз бетінше көтеру жолдарын үйрету
- Өз білімін көтеру, кәсіби шеберлігін арттыру жолдарын анықтау
- Педагог қызметін ғылыми- әдістемелік тұрғыдан талдау, бағалауда көмектеседі

## ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТ ҚҰРЫЛЫМЫ



**Мектептің әдістемелік мәселесі**  
**Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу арқылы**  
**танымдық қабілеттерін арттыру**



**Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігі**  
**Нәтижеге бағытталған оқытуды негізге алып,**  
**бастауыш сынып оқушыларына білім беруде жаңа**  
**әдіс- тәсілдерді қолдану арқылы алған білімдерін**  
**өмірде қолдана алуға үйрету**

## **ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРМЕН ЖҰМЫС**

### **Канышева Жания Кайрбекқызы**

- 2019 жылы 27 мамырдан 2019 жылы 29 тамыз кезеңінде «Халықаралық кәсіби академиясы» қайта даярлау және біліктілікті арттыру институты» мекемесінде оқып және қайта даярлау курсының «Бастауыш оқытудың теориясы мен әдістемесі» мамандығы бойынша толық курсын бітіріп шықты;
- 2020 жылдың қараша айында «Өрлеу БАҰО» акционерлік қоғамының филиалы «Солтүстік Қазақстан облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында» 120 академиялық сағат көлемінде Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша курсын аяқтады;
- 2021 жылы 5 мамыр №75 бұйрығымен педагог- модератор біліктілік санаты берілді.
- 2021 жылдың 15-19 қараша аралығында 40 академиялық сағат көлемінде «Развитие профессиональных компетенции учителя английского языка» атты біліктілікті арттыру курстарынан өтті.



- 2024 жылдың 15-26 сәуір аралығында 80 академиялық сағат көлемінде «Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту» атты біліктілікті арттыру курсынан өтті.

**Исенова Жанар Ануарбековна**

- 2024 жылдың 26 наурыз 05 сәуір аралығында «Өрлеу БАҰО» акционерлік қоғамының филиалы «Солтүстік Қазақстан облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында» 80 академиялық сағат көлемінде «Трансформация методической деятельности» тақырыбында біліктілігін арттырды.


**2022-2023 жылдар аралығындағы мұғалімдердің аттестациялануы туралы мәлімет**

	2021-2022		2022-2023		2023-2024	
	нақтылау	алу	нақтылау	алу	нақтылау	алу
<b>Педагог-модератор</b>						<b>1</b>
<b>Педагог сарапшы</b>						
<b>Педагог зерттеуші</b>						
<b>Педагог шебер</b>						


**Педагогикалық қызметкерлердің аттестациядан өту кестесі**

№	Аты жөні	Соңғы өткен жылы, санаты	2021-2022	2022-2023	2023-2024
1	Абылкасова А.М.	2 санат, 2018			
2	Канышева Ж. К.	Педагог-модератор, 2021			
3	Исенова Ж.А	Педагог-эксперт, 2021			


**2023-2024 жылдар аралығындағы мұғалімдердің білімі бойынша сапалық құрамы**



**2023-2024 жылдар аралығындағы мұғалімдердің жасы бойынша сапалық құрамы**



**2021-2024 оқу жылдар аралығында мұғалімдердің еңбек өтілі бойынша сапалық құрамы**



**ЖАС МАМАНДАРМЕН ЖҰМЫС**

1. Жаңа оқу жылының басында еңбек өтілі 3 жылға дейін жас мамандар анықталды

2. Оларға мектепішілік бұйрық негізінде жыл бойы әдістемелік көмек көрсету мақсатында тәжірбиелі мұғалімдерден анықталған тәлімгерлер тағайындалды.

3. Әкімшілік тарапынан да міндетті әдістемелік көмек көрсетіледі.

4. Аудандық білім бөлімінің жоспарына сәйкес қараша айында жас мамандар айлығы өткізілді. (Тәлімгерлер мастер-кластар, ашық сабақтар береді, содан соң жас мамандар ашық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар т.б. өткізді)

5. Жалпы жыл бойы осы негізде жұмыс жүргізіледі.

2021-2022- 1 жас маман

2022-2023 – жас маман жоқ

2023-2024 жылы- жас мамандар жоқ.

## **КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫ**

Кітапхана мектептің бір бөлме ішінде орналасқан.

Аумағы- 10 шаршы метр, Оқу залы мен абонемент бірге орналасқан.

Кітапхана қорында барлығы- 600 кітап бар

Оның ішінде көркем әдебиет- 400

Оқулық -200

Электрондық оқулық – 10

Кітапханадағы жалпы оқырмандар саны-17

Кітап айналымы (1 айналымға есептегенде)- 35 кітап

Оқырмандардың орташа қатысуы- 3 рет

Оқушыға білім мен тәрбие беретін орындардың бірі- мектеп кітапханасы.

Кітапхана 7 оқушы мен 2 мұғалімдерге қызмет етіп келеді. Мерзімдік басылымдардың оқушыларға арналған 3 газетке жазылдық.

Мақсаты:

Білім беру үрдісі субъектілеріне ақпараттық, оқырмандық мәдениетті қалыптастыру жолымен білім сапасын арттыру.

Міндеттері:

- Педагогтар мен оқушыларды оқуға тартуға тиімді жұмыс формаларын ұйымдастыру.

- Оқушыларды оқу- коммуникативті және оқу ақпараттық біліктері мен дағдыларн дамыту.

- Кітаптарды насихаттау жұмысын ұйымдастыру.

- Білім беру үрдісінде субъектілердің танымдық әрекетін белсендіруде ақпараттық көмек көрсету.

- Ақпараттық оқырмандық мәдениетті қалыптастыруды, диагностикалық жұмыстарды жүзеге асыру

Бағыттары:

• Білім беру үрдісінде субъектілерді ақпараттық материалмен қамтамасыз ету.

• Ақпараттық, оқырмандық мәдениетті қалыптастыру

• Оқушылардың қызығын, қажеттілігін арттыру

Ұстанымдары:

• Жаңа кітаптармен, мерзімдік басылымдармен таныстырушы

• Педагогика мен психология, салалық әдебиеттер облысында жаңа білімдермен бағыттаушы

• Білім беру мен өздігінен білім алуда даму тенденцияларын түсіндіруші

• Оқушыға әдебиет таңдауға, оқырмандық қызығушылығын күшейтуге, кәсіби өсуге көмектесуші

Бүгінгі мектеп кітапханасы бұл:

• Ақпараттық оқырмандық мәдениетті қалыптастыру орталығы

• Оқырмандар қызығушылығын зерттеу орталығы

• Кітаптарды насихаттау

• Оқу- тәрбие үрдісін әлеуметтік- психологиялық, нұсқаулық- әдістемелік мәселелер бойынша жетелейтін ақпараттық орталық

• Білім беру облысындағы қазіргі басылымдардың (газет журнал әдістемелік басылымдар, шығармашылық жұмыстар) орталық банкісі

• Көркем оқу, ғылыми әдебиет қоры

Басқару жұмысының мазмұны

Жобалау.

• Мектеп кітапханасы жұмыс жоспары

• Кітапханалық сабақтар, мерекелердің бағдарламалары

• Кітапханалық күнтізбенің мазмұны

• Мерзімдік басылымдарға тапсырыстарды дайындау

Қайта құру:

• Тақырыптық көрмелерді безедіру

• Кітапханалық сабақтар мен мерекелерді ұйымдастыру

- Оқырмандар конференциялары, кітаптарды, мақалаларды тапсыру
- Оқырмандарға қызмет көрсету, кітап таңдауға көмектесу
- Кітапханалық қорды толықтыру
- Оқу әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету
- Кітаптарды насихаттау

Диагностика:

- Оқырмандардың қызығушылығы мен қажеттілігін ояту
- Білімдік үрдіске қатысушыларды кітапхана қорының қанағаттандыру дәрежесі
- Кітапханалық шаралардың өткізілу сапасы
- Кітап қорын жаңарту дәрежесі
- Кітапхана жұмысының нәтижесі
- Кітап беру, оқу деңгейлері

## МЕКТЕПТІҢ АТА-АНАЛАРМЕН БАЙЛАНЫСЫ

«Ұлдың тәрбиесі әкеден, қыздың тәрбиесі -анадан» дегендей, білім ошақтарында ата- аналардың бала өміріндегі орны зор. Әрбір ата- анаға өз баласының тәрбиесі үшін мектеп ошағымен бірге қарым қатынаста болуын түсіндіру мақсатында 2023-2024 оқу жылында жалпы мектепшілік ата- аналар жиналысы өткізілді. (әр жиналысқа 6 ата- анадан қатысты.)

Тоқсан соңында балалардың тоқсандық қорытындысы, тәртібі, тазалығы, күн тәртібі, демалыс уақыттарының тиімді қолдануы бойынша сыныптарда ата-аналар жиналысы өткізілді.

Сонымен қатар мектеп ошағында ата- аналармен келесідей жұмыс түрлері жүргізілді.

- Ата- аналарға семинар- тренингтер
- Ата- аналарға арналған сауалнама
- Ашық есік күндері
- Ата аналарға арналған құқықтық білім беру күндері
- Тәрбиелік мәні зор мерекелік кештер.

Көпбалалаы отбасынан шыққан балалар жайлы мәлімет.

Оқу жылы	Балалар саны	% жалпы балалар санынан	Отбасылар саны
----------	--------------	-------------------------	----------------

2021-2022	1	14,2%	1
2022-2023	2	25%	1
2023-2024	2	25%	1

Оқу жылы барысында балалардың тәрбиесіне байланысты тұрақты мекен жайы бойынша тұрақты бақылау жүзеге асырылады. Алғашқы бақылау кезінде отбасының тұрмыстық жағдайы жайында бақылау жүргізіледі. Әр оқу жылының басында аз қамтылған, көпбалалаы отбасынан шыққан балалар, жетім балалар және ата-ана қамқорынысыз қалған балалар анықталады.

Жыл сайын мектептерде қайырымдылық акциялары өтеді. Акция барысында балаларға кеңсе тауарлары және киімдер түрінде көмек көрсетіледі. Мектепте ата-аналар кеңесі жұмыс атқарады. Жыл сайын мектептің демеушілерінен, ата-аналардан және ұстаздардан балаларға көмек көрсетіледі.

### **КУЙБЫШЕВ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАНЫНДАҒЫ ТОЛЫҚ КҮНДІ ЕМЕС «БАЛБӨБЕК ШАҒЫН ОРТАЛЫҒЫ»**

2010 жылдың 30 желтоқсанынан бастап Куйбышев бастауыш мектебінде мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу бағдарламасы бойынша білім беру қызметімен шағын орталығы ашылған.

Куйбышев бастауыш мектебі жанындағы шағын орталығында тәрбиеші маман Исенова Ж.А. жұмыс атқарады. Шағын балалар орталығы жарты күндік мерзімде 10 балаға арналған 2 жастан 5 жас аралығында топтың сабақтарына қатысуда.

Шағын орталық 1 бөлмеде орналасқан: сабақтар өткізетін және ойын бөлмесі біріктірілген. Бөлмеде арнайы жиһаз, тәрбиеленуші үстелі, оқу құралдарына арналған шкафтармен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар балалардың физикалық дамуына арналған жабдық және ойыншықтар қоюға арналған қабырға шкафтарымен қамтамасыз етілген.

Балалар орталығында тәрбиелеу үрдісі Мемлекеттік стандарттарға сәйкес «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы бойынша құрылған және келесі бағыттарды жүргізіледі: «Денсаулық», «Коммуникация», «Шығармашылық», «Әлеумет», «Таным».

Тәрбиеші апталық циклограмма және сабақтар кестесін құрады.

Балалар психологиялық карталары әрдайым жүргізіледі. Тәрбиеші тәрбиелеу үрдісін балалардың ата-аналарымен бірігіп өткізеді.

Шағын орталық тәрбиешісі ата-аналармен үнемі байланыста.

Шағын орталықта жұмыс атқаратын педагогтар құрамы

	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Барлық педагогтар	1	1	1
Білімі	Арнаулы орта	Жоғары	Жоғары
Санаты	-	-	-